

УДК 02.41.11

**АКАДЕМИК ФАРИФОЛЛА ЕСІМНІҢ РУХАНИ-ТАНЫМДЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫ**  
Кадралиев Руслан Қувангалаевич

[krk28@mail.ru](mailto:krk28@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-нің «Философия» мамандығының магистранты  
Ғылыми жетекшісі – Данысбекова К.Б.

Қазақ философиясындағы адам туралы, оның болмысы туралы ұлы далада туындаған ойларға зер салатын болсақ, олардан терең сырды, далаға тән даналықты байқауға болады. Фарифолла Есім өзінің «Адам-зат: философиялық эсселер кітабында «Көшпелілер мәдениеті өзінің З мың жылдық ғұмырында Жерорта теңізі мен Қызыр Шығыс елдеріне қарағанда шығармашылық эволюцияны бастан өткөрді» - деп тұжырымдауы осыған дәлел [1].

Фарифолла Есім алғашқы дәүірдегі түсініктеге басқаша баға береді: адамның басты мақсаты өзін табиғаттың, ғарыштың бір бөлшегі ретінде анықтау болғандықтан, ол үшін мемлекет, белгілі бір қоғамдық орта түсініктегі айтарлықтай рөл атқарған жоқ. Фарифолла Есім «...қазақтың көне және соңғы тарихында мемлекеттіліктің әлсіз болғаны белгілі. Табиғат әрқашан Қазақстан тұрғындары үшін абсолюттік және жалғыз бастық рөлін атқарды» - деп тұжырымдайды [2].

Дегенмен табиғат күшіне жалғыз адам қарсы тұра алмайтындықтан олар өзара бірігіп, рулық қарым-қатынаста өмір сүрді. Тіршілік барысында адамдар өзара байланыста болатындықтан, олардың арасындағы қарым-қатынастарды ретке келтіретін белгілі бір заңдылықтар қажет еді. Заңдылықтарды бекітетін мемлекет сияқты ресми құрылым болмағандықтан, адамдардың өзара қарым-қатынастарды анықтау атадан келе жатқан дәстүр түсінігімен тығыз байланысты болды. «Дәстүр позициясы әсіресе алғашқы қауымдық мәдениетте мықты» [3].

Фарифолла Есім көзқарастарының философиялық жағы жалпы адамзаттың дамуының белгілі бір кезеңдеріне сәйкес келгенімен, олардың қайсысы болмасын бүгінгі күні де өз өзектілігін жоғалтқан жоқ. Себебі әр адам өмір сүру үдерісінде бүкіл адамзат тарихының әр кезеңінен өтуі тиіс. Яғни дүниеге келген әр адам болмыстығын белгілеу үшін біріншіден өзінің өзгелерден ерекшелігін анықтауы қажет. Тек сондай жағдайда ғана ол адам деген ұлы атқа сәйкес өмір сүре алады.

Осыған байланысты бүгінгі күнге дейін жетіп отырған отты аттап өтуге, құлді басуға, суға түкіруге сияқты т.б. тыйымдар ескінің қалдығы емес, керісінше дүниеге келген әр адамның табиғатпен үйлесімділікте болуының алғышарттары. Мұндай тыйымдардың әр халықта әр түрлі болуы, олардың табиғатпен, қоршаған оргамен қарым-қатынастарының ерекшеліктері арқылы анықталады. Жер бетіндегі әр халықтың табиғатпен үйлесімділікте өмір сүрге талпынысы осының айғағы болып табылады. Үйлесімділік арқылы болмысты анықтаған адам ғана өзінің дамуының келесі сатысына, яғни ерекше қастерлеген арғы дүние ұғымын қабылдауға, соған өте алады деп тұжырымдауға болады.

Қазақ санасында қалыптасқан түсініктегі Гарифолла Есім танымында өзіндік орын алған. Ол еш уақытта дәстүрді терістемейді. Қайта исламдық түсініктемен күшайтеп түседі және сини пікірлері де кей жерлерде орын алғанымен тұтастай теріске шығару жоқ.

Дәстүрлі таным жөнінде Гарифолла Есім философиялық енбектерінде жан-жақты талқыланған. «Дәстүрлі мәдениетте уақыт басымдылығын жоғалтып, жаңашылдықтарға бейімделе бастайды. Мысалы көшпенділердің дәстүрлі құдайы Тәңірі уақыт өте келе Алла бейнесімен бірігіп кетеді, Албасты бірте-бірте исламның зұлым рухтары қасиеттерін бойына сіңіріп, ал Баба тұкті Шашты Әзиз мұсылман әулиесіне айналады» [4].

Адам болмысы, оның көзқарастарындағы ерекше дүниетаным қазақтар үшін ислам дінінің енуінен басталады. Үлкенде сыйлау, олардың жолын кесіп өтпеу, тіпті дастархан басында әр адамның өз орнының болуы қазақылыққа тән өнегелілік заңдылықтар болып табылады.

Фарифолла Есім мұсылмандық түсініктегін енуіне өзіндік үлес қосты. Ендігі жерде өнегелілікте орнына исламдық моральды-этикалық нормалар жиынтығы келеді. Бұндай үдеріс адам болмысының ерекшелік деңгейіне сәйкес келетін табиғи қажеттілік болып табылады. Себебі ерекшелік деңгей адамның дүниедегі орнын анықтауға емес, керісінше оның бойындағы қасиеттерін ашуға бағытталған. Адам бойындағы қасиеттер әркилі болатындықтан, өзара қарым-қатынасқа тұсу үдерісін өнегелілікте негіздері толық қамти алмайды. Осыған байланысты қоғамдық ортаны реттеп отыратын белгілі бір моральдық-

этикалық нормалар жиынтығы қажет болды. Бұл жерде ислам дінінің қазақ халқының өркениетінің дамуына тигізген әсерін байқаймыз.

Жалпы қазақ халқында адам көзқарасының қалыптасуы тарихи ұзақ уақытқа созылуы біріншіден табиғи ортаға байланысты болса, екіншіден қазақтардың табиғатқа деген қамқорлық қасиетімен тығыз байланысты болды.

«Кең байтақ ... және өзгелерге толығымен таңсық болған қазақ даласы өз ұлдарына ұлттық сипат пен халықтық ерекше бет-бейнені әуел бастапқы тазалығын бүлдірмей, ұзақ уақыт сақтап қалуға септігін тигізді. Сыртқы ықпалдан жерана арқылы қорғалған қазақтар әдет-тұрпын, өз халқына тән өзіндік өмір тәртібін сақтап қалды» - деп тұжырымдайды [5]. Фарифолла Есім рухани тазалыққа ерекше назар аударды. Ислам дінінің қазақ даласына келуі рухани жетілуді анықтауға үлкен септігін тигізді. Фарифолла Есім ойлары қаншалықты халық санасына жақын болғанымен, түркілік таным мен наным-сенімдердің де өзіндік орны болды.

Фарифолла Есім қазақ жеріне ислам енгеннен бастап адамдар арасындағы өзара қарым-қатынастардың өзгергеніне қатты назар аударды. Тарихи қалыптасқан дәстүрлі мәдениеттің орнын басқан жаңашылдық адамдар санасына үлкен әсерін тигізді. Осы кезеңнен бастап адам табиғаттың бір бөлшегі емес, ол өз бойына біткен қасиеттер арқылы анықталатын ерекшелік [6].

Көшпендінің кең пейілділігі мен қонақжайлышының мына мақалдан көрініс табады: «Кездескен адамыңды сыйла, мүмкін оны соңғы рет кездестірген шығарсын».

Жапандалада жалғыз қалып қою әркімнің басынан өтері мүмкін, осыны түсіне білген көшпенді үшін даладан келген адамды күтіп алу үлкен құрмет. Бес саусақ бірдей емес сияқты адамдар да, олардың бойындағы қасиеттер де әр түрлі болады. Жақсылық бар жерде жамандықтың, аңғалдық бар жерде айлакерліктің болуы табиғи шындық. Себебі олар бір-бірінсіз өмір сүре алмайды.

Фарифолла Есім адам бойындағы ерекшеліктерді, оның бойына тән қасиеттердің бәрін «сыртқа» шығарады. Өйткені адам өзінің өзгелерден ерекшелігін анықтау үшін ең алдымен өзін бойына тән қасиеттер арқылы білуі тиіс. Сонымен қатар адам өз-өзін тек басқа адамдармен қарым-қатынасқа түскенде ғана ұғына алады. Өзара қарым-қатынас белгілі бір жағдайларға байланысты туындастының танымынан, адам бойынан көрініс табатын қасиеттер де әр түрлі болуы мүмкін.

Адамның ең басты қасиеті оның адамшылышы болғандықтан, олардың өзара қарым-қатынасын реттеп, белгілі бір жүйеге келтіретін өнегелілік болып табылады. Кең байтақ далада еркін өсken қазақ исламның моральды-этикалық қағидаларын объективті түрде толық қабылдай алмағандықтан, оларға қажет өнегелілік туралы тұжырымдар қазақтың өз жерінде туындаады.

Фарифолла Есім дүниетанымы мен ойлары Жұсіп Баласағұнның, Қожа Ахмет Ясаудің, Махмұт Қашқаридің, Ахмет Иүгінекидің, Асан қайғының, жыраулардың, қазақ ағартушыларының ой-толғауларымен сабактасып жатты. Олар үшін адам болмысының ерекшелігі өнегелілік негізі болып табылады.

Ж. Баласағұн өзінің «Құтты білік» атты еңбегінде қазақ танымының ерекшелігі туралы сөз қозғай отырып, әділеттілікті адамға тән негізгі табиғи қасиет ретінде анықтайды. Әділеттілік адам болмысының тұрақтылығының, толықтырының негізі. «Ал ақыл да, дәулетте, қанағатшылдық сезім де жүре бітер қасиеттер. Оның үстіне тұрақтылықпен ерекшеленбейді. Дәулет баянсыз, тұрақсыз, түлеп, жаңғырып тұрады. Ақыл адалға да, арамға да біtedі, қанағат сараңдықпен шектесуі мүмкін» [7]. Ж. Баласағұнның философиялық көзқарастарында әділеттілік адамның адамдығын анықтайтын өнегеліліктің бастамасы ретінде қарастырылады.

М. Қашқар адам бойындағы қасиеттердің әртүрлі болатындығын өзінің мақал-мәтелдері арқылы көрсетеді. Мысалы «Қазан айттар «Тұбім алтын», шөміш айттар «Мен қайданмын?!» деген мәтел арқылы адам болмысына тән мақтаншақтықты синаса, «Тұлкі өз ініне үрсе, қотыр болар» деп адам бойына тән сатқындық қасиеттерді әшкерелейді. «М.

Қашқари энциклопедиялық жан – жақты терең білімді кісі болған. Оның «Диуани лұғат ой – түрік» атты еңбегі түркі тілдес халықтардың ойлау логикасы мен өмір сүру дағдысының, тұрмысының, тарихының өзіндік философиясы» [8].

Егер А. Иүгінеки «Ақиқат сыйы» атты дастанында білімділік, жомарттық, кішіпейілділік, адамгершілік, әдептілік сияқты адамның өнегелілік қасиеттерін жамандыққа қарсы қойса, Фарифолла Есім өзінің шығармаларында адам бойындағы жаман қасиеттер туралы толғанады. «Оның бар ойы, әрекеті адамдарды жаман қылыш әрекеттерден құтқару, мүмкіндігінше, адам деген қасиетті жоғары ұстауы. Тән жарасы жазылар, бірақ та жанға түскен жара, тіл салған жара жазылmas деп айтуы үлкен бір адамгершіліктің, әдептіліктің, философиялық толғаныстың, өз заманының адал перзенті болған үлкен азаматтықтың белгісі деп ойлаймыз» [9].

Адам болмысын анықтауда Фарифолла Есім жеке адамдарға тән әр түрлі қасиеттер туралы ой қозғайды. Асан қайғы мен Бұқар жырауды ұлт мәселесі, ұлтқа тән ерекшеліктер толғандырады. XV ғасырда Қазақ хандығы құрылғаннан бастап болмыс ерекшелігі ұлттық денгейге көтерілді. «Асан қайғы өз жыр, толғауларында, шешендік сөздерінде хандық мемлекетті нығайту, елдің қорғаныс қабілетін арттыру қажеттігін насхаттайды, Жәнібек ханды табысқа мастанбауға, елдің түбегейлі болашағын ойлауға шақырады» [10].

Қандай да болмасын мемлекет өзінің өзгелерден ерекшелігін анықтау үшін ең алдымен оның белгілі бір мемлекеттік шекарасы болуы тиіс. Сонымен қатар қоғамдық ортада дәстүрлік қатынастың орнына ерекшелік келген кезде адамдар арасындағы қарым-қатынастарды реттейтін белгілі бір заңдылық қажет. Осыған байланысты Асан қайғы қазақ хандығын қуатты мемлекет ретінде ұйымдастыру жолында адамдардың әдет-ғұрпына, өзара қарым-қатынастың моральды-этикалық жақтарына көп көңіл бөледі. Оның «Еділ бол да, Жайық бол. Ешкімменен ұрыспа, жолдасыңа жау тисе, жанынды аяп тұрыспа», деп жырлауы халықты елдікке, татулыққа шақыруының, сырттан келген жауға қарсы біргігүй керектігінің айғағы.

Фарифолла Есім адамдар арасындағы қарым-қатынастарды жекеленген түрде қарастыrsa Бұқар жырауда мүлде бөлек. Бұқар жырау рулар, ұлттар арасындағы алауыздық, бәсекелестік, көре алмаушылық сияқты жағымсыз қасиеттер, ол өмір сүрген кезде өздерінің мәнін одан әрі айқындаі түсті. «Сондықтан Бұқар өзі өмір сүріп отырған заманға оншама ризашылық білдіре қоймайды» [11]. Бұқар жырау елді бірлікке, ынтымақтастыққа шақырады. Елдің бірлігін, әлеуметтік теңсіздігін сактап қалу идеялары Дулат, Шортанбай, Мұрат сияқты ақындардың жыр-толғауларынан да кеңінен орын алған. Өз шығармаларында қайырымдылық пен зұлымдықты, мырзалық пен сарапты талдаған Дулат ақын имандылықтың келгенін дәл анықтай білді. «Әлеуметтік теңсіздік, зорлық-зомбылық және қанауышылық жаңа заман жемісі: бұл ата-бабаның бұрыннан келе жатқан салт-дәстүрін, шарифат заңын бұзғандығынан дейді ақын» [12].

Ақын-жыраулар өздерінің жыр-толғауларында орыстардың отаршылдық саясатына қарсы күрессе, Ш. Ұәлиханов, Ы. Алтынсарин, А. Құнанбайұлы секілді қазақ ағартушылары адамгершіліктің қоғамдағы көрінісіне өзгеше көзқараста болды. Фарифолла Есім рухани бастаманы алға тартты.

Фарифолла Есім ағартушылар елдің болмыстық ерекшелігін, яғни біз өзіміздің кім екенімізді басқа халықтардың мәдениетін, тұрмысын, салт-дәстүрін танып, солармен салыстыру үдерісіндеған анықтай алатындығын анғара білді.

Фарифолла Есім рухани-танымдық көзқарасы қазақ ұлттық мәдениетінің ғана емес, әлем философиясына еркін ойлаумен өсіп-өркендеуіне үлкен үлес қосты. Сондықтан, біз Фарифолла Есім дүниетанымын зерттеу арқылы дәстүрге бай қазақ халықтарының дәстүрлері мен философиялық ой түйіндерімен танысамыз.

Фарифолла Есім үшін оның өз халқына рухани дүниені танытудан басқа ешқандай ақиқат жоқ. Сыртқы феноменалды дүние – алдамшы. Ахмет Ясаудің ойынша «Адам өзін-өзі тану арқылы феноменалды, көрнекті, өзіндік мәнін жояды, оның орнына өзіндік, нақты ақиқат менін табады». Ол үшін адам өз-өзіне сенуі қажет. Сенім жүректе орналасқан.

Адамгершілік қасиет адамға құдайдан келмейді, ол оның өзінің адамдығының белгісі. Ғарифолла Есім қазақ қоғамының өрлеуіне өзіндік үлесі бар тұлға екені оның танымы арқылы талдаған идеялары арқылы көрініс тапты. Және осы дүниетаным ғасырлар бойына халық даналығы ретінде ұрпаққа мәнгілікке естелік болып қала бермек.

### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі**

1. Есім, Ғарифолла. Адам-зат: философиялық эсселер кітабы. - Астана : Ақ арман, 2008. - 381 б.
2. Есім F. Адам-зат : Эсселер, новеллалар, зерттеулер . - Астана : Фолиант, 2002. - 312 б.
3. Есім F. Данышпан Шәкәрім. - Алматы : Атамұра, 2008. - 336 б.
4. Есім F. Қазақ ренессансы. - Алматы : Қазақ университеті, 2006. - 98 б.
5. Есім F. Қазақ философиясының тарихы . - Алматы : Қазақ университеті, 2006. - 216 б.
6. Есім F. Фалсафа тарихы : Оқулық-хрестоматия. - Алматы : Ы.Алтынсарин атындағы Қазақтың білім академ. Респ. баспа кабинеті, 2000. - 278 б.
7. Есім F. Сана болмысы . 8-кітап, 2004. - 330 б.
8. Есім F. Сана болмысы . 9-шы кітап, 2005. - 309 б.
9. Есім F. Этнос мәдениеті-елдік мәйегі // Егемен Қазақстан. - 2008. - 4 қараша. - С. Б. 5.
10. Есім F. Иасауи дүниетанымы // Абай. - 2001. - №3.- Б.19-25
11. Есім F. Қазақ ұлтшыл емес,сонда кім : [Желтоқсан оқиғасы туралы] // Ақиқат. - 1996. - №12.- Б.58-63
12. Есім F. "Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман... Өлең - сөздің патшасы, сөз сарасы. Әуелде бір сұық мұз - ақыл зерек..." . // Абай. - 2003. - №3 .- Б.1-5